



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 8D05302-Физика

Оқу бағдарламасының мақсаты	Физиканың фундаменталды және өзекті салалары бойынша терең, жүйелі теориялық білімі мен практикалық дағдылары бар, өзін-өзі дамытатын және ғылыми-зерттеу, аналитикалық және педагогикалық қызметке қабілетті, өзін-өзі тәрбиелеуге және өмір бойы жетілдіруге қабілетті физика саласындағы PhD докторларын даярлау.
Кәсіби қызмет саласы	Білім беру және тәрбиелеу, сондай-ақ ғылыми қызмет, білім берумен байланысты мемлекеттік басқару

Оқу нәтижелері

ОН 1 – физика саласындағы отандық және халықаралық стандартты , нормативті - құқықты құжаттарды қолдана біледі.

ОН 2 – көпшілікке өзінің физика- математикалық зерттеулерін және қолданбалы зерттеулерін нақты ұсынысын сол саладағы терминдер арқылы жеткізе алады.

ОН 3 – ғылыми мақалаларды жазу барысында және физикалық қолданбалы және теориялы есептерін шешу кезінде алгоритмді моделдеуді және математикалық әдістемені қолдана біледі.

ОН 4 –жаратылыстану саласын және математиканы терең түсініп оларды көрсете алады; теориялы және тәжірибелі физикалық таңдамалы саласында өз бетінше ғылыми жұмыстар жүргізе біледі, ғылыми мәтінді рефераттау дағдыларын, ғылыми мақалалар мен тезистерді құрастыру дағдыларын көрсете алады, ауызша түрде баяндама жасай алады және басқалардың баяндамаларын талқылауға қатыса алады.

ОН 5 – информациялық технологияны және осы заманғы білім нәтижелерін өз бетінше қолдана біледі. Ғылыми жұмыстарды ұйымдастырады, талдайды және іске асырады.

ОН 6 – эксперименталды нәтижелерді теориялық үлгілермен байланыстыру және алынған нәтижелерді әртүрлі лингвистік тәсілдермен сипаттай біледі.

ОН 7 – нақты зерттеу нәтижелерін ғылыми көзқараспен жоспарлайды, енгізеді, ойлау жүйесін қалыптастырады. Өзінің зерттеулері арқылы жаңа көзқарасты қалыптастырып, осы заманғы физиканың аясын кеңітіп, зерттеу нәтижелерін отандық және халықаралық деңгейде басылымға дайындай біледі.

ОН 8 – лекциялық және тәжірибелік сабақтардың әр тарауына сауатты әдістемелік жоспар құрайды, бекітілген (қалыптасқан) оқу-әдістемелік құралдарға сәйкес териялық және тәжірибелік жоспарларды ұсынады.